ЮНЕСКО-ның «Өмір бойы білім алу» бағдарламасы бүгінде адамның қай жаста болмасын білімін жетілдіре беру қажеттігін меңзейді әрі «табыстың кілті – білімде» деген ойға жетелейді. Өмір бойы үздіксіз білім алу туралы өткен іс-шарада Қытайдан келген Гонконг университетінің құрметті профессоры, білім беру факультетінің білім беру саясаты бөлімінің директоры Кай Мин Чен цифрлық жолмен білім алу, жаңа технологияларды меңгеру, білім саласындағы өзгерістер мен сын-тегеуріндерге қатысты ой қозғап, өз тәжірибесімен бөлісті.

Айтып өтейік, конференцияға еліміздің білім саласы мамандарымен қатар, ЮНЕСКО штаб-пәтері Дүниежүзілік үздіксіз білім беру комитетінің халықаралық сарапшы-

лары Еуропадағы (Германия, Франция, Румыния, Сербия) алдыңғы қатарлы университеттердің, кеңестік дәуірден кейінгі елдердің танымал ғалымдары қатысты.

Баяндама оқыған Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Арын Орсариев жаңандық өзгерістер мен әлемдік трендтер – мектептегі білім мазмұнын жаңартуды талап ететіндігін атап өтті.

– Білім жүйесіндегі тұрақты даму мақсаттарының бірі – жалпыға ортақ және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыру. Қазір орта білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу, жан басына қаражат құю және алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан мектептерді ынталандыру жұмыстары жалғасып келеді. Үш тілді білім беруді кеңірек дамыту үшін 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы жасалды. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» мен «10 алдыңғы қатарлы колледж» жобалары жүзеге асырылуда. 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 11 базалық ЖОО-да мамандар дайындалып жатыр. Сонымен қатар, педагогикалық білім беруді жаңарту, білімді цифрлық бақылауды енгізу жүргізілуде, – деді Арын Амангелдіұлы.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (ҰБА) президенті Жанбол Жылбаев: «Шетелдік мамандар біздің елде жүргізіліп жатқан білім саласына қатысты жұмыстар мен жаңартулардың дұрыс екен-



дігін айтып, бір нәрсені ескеріп өтті: біз білім алушылардың ата-аналарымен аз жұмыс істеппіз. Сондай-ақ, қоғамда реформалар дұрыс қабылдануы үшін алдағы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жұмыстарын жүргізуіміз керек. Себебі, мамандар қоғамды медиа компаниялар дайындайтынын айтады» деп қосып өтті.

ҰБА-ның ғалым хатшысы Манаргүл Мұқашева зейнеткерлерді оқытуға қатысты қызықты жайтты айтып берді. «Үздіксіз білім беру, өмір бойы оқу мәселесіне арналған іс-шара. Біздің академия осы бағытта, яғни, өмір бойы оқу мәселесіндегі зерттеулермен бірнеше жылдан бері айналысып келеді. Адам қабілеті, қажеттілігіне байланысты зейнет жасына шыққаннан кейін де оқи береді. Мысалы, қазір кейбір елдерде қарт кісілерге арналған «Күміс университет» деген жоба бар. Яғни, зейнетке шыққан жұмысқа қабілетті адамдар сол арқылы оқи алады» деді Манаргүл Мұқашева.

Ал ҰБА-ның жаңартылған білім мазмұнын тарату орталығының директоры Алмагүл Мұхамедханова жас буынды қазірден бастап білім қуалауға жалықпауға үйрету қажеттігін алға тартады.

– «Үздіксіз білім беру» бірнеше жаңа бағдарламалар мен стандарттарды біріктіреді. Біз балаларымызды өмір бойы білім алуына үйреткіміз келеді. Аттестат пен бір дипломға қол жеткізумен шектеліп қалмау керектігін түсінуі үшін, олардың білімге деген ынтасын оятып отырған жөн. Мәселен, қазірдің өзінде ескірген мамандықтар бар, сондай-ақ, цифровизация сияқты бұрын-соңды болмаған кәсіптер қолға

алынып, жаңа мамандықтар пайда болуда. Осы кезекте, жастарымыз ертеңгі күні жаңадан пайда болған мамандықтардан хабарсыз қалмай, оны меңгеріп үлгеруі тиіс. Яғни, жаңашылдықтардан қалмауы керек. Сондықтан үздіксіз білім алып отыруы қажет, – деді.

Сондай-ақ, ҚазМЗУ университеті Экономика жоғары мектебінің директоры Ділбар Гимранова үздіксіз білім алудың бір парасы ретінде статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті. Оның айтуынша, тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген жылы елімізде 61 жоғары оқу орны болса, бүгінгі таңда оның қатары көбейген. Мысалы, 1991-2001 жылдар аралығында ЖОО саны 3 есеге артып, 182 болған екен. Ал бертін келе, яғни, 2016 жылы 125 ЖОО есептелген: 9 ұлттық, 31 мемлекеттік, 16 акционерлік, 54 жекеменшік, 13 азаматтық емес, 1 автономды және халықаралық университет. Сондай-ақ, 2008 жылдан бері PhD докторантураға тапсыратындар қатары да өсіп отырған.

Екі күнге созылған конференцияда заманның жаңандық сын-тегеуріндері және білім миссиясы, білім экономикасының жаңа талаптарын ескере отырып, білім беру жүйесін трансформациялау, оқытудағы және оқудағы инновациялар, экологиялық қауіпсіздік, балаларға зорлық көрсету және оларды қатал жәбірлеудің алдын алу, киберқауіпсіздік, үздіксіз білім беруге арналған жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар сияқты мәселелер талқыланды.

Нұрсұлу МЫРЗАХМЕТ



ӨЗЕКТІ

Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ы.Алтынсарин айтқандай, қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамып, әлемдік жаһандану үрдісіне енуінде мұғалімге артар жүк оңай емес.

Білім негізі – бастауышта қаланатыны белгілі. Білім берудің бастауыш сатысы – тұлғаның даму іргетасы. Ол оқу әрекетін қалыптастыратын қиын да жауапты кезең. Онда бүгінгі күннің талабына сәйкес білім алушылардың танымдық, шығармашылық белсенділігін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның маңызы зор. Бұл технологияның басты тиімділігі – оқуды жекелеу мен саралауда, оқушының өздігінен жұмыс жасауына және дамуына, өз-өзіне сыни көзбен қарауына, ізденуіне, өз жұмысының нәтижесін көріп және жеткен жетістігінен

ләззат алуға мүмкіндік беруі. Сонымен қатар, оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оның оқу белсенділігі артады, бала өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен тандап үйренеді.

Жаңа білім алу үрдісі – оқушының білімге деген құштарлығы мен қызығушылығын, ынтымақтастығын арттыра отырып, оларды бейбітшілік рухта, әлемдік пен әр халықтың ұлттық мәдениетін кіріктіре меңгеру білім алушылардың бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне бағыт беру, яғни, руханилығын дамыта білуі.

Ұлы ғұлама Әл Фараби «...Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық

өміріне апат әкеледі» деген сөзі дәлел. Сондықтан қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік білім мен терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер, жаңашыл ұстаз ғана жеке тұлғаны жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастыра алады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқынанады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» деп атап көрсеткендей қазіргі заманғы көзі ашық, ой-санасы қалыптасқан, өзінің де өзгенің де іс-әрекетіне баға бере алатын, зерттеушілік, рухани-адамгершілік қабілеті жоғары жеке тұлға тәрбиелеу – ұстаздар

қауымы алдында тұрған басты міндет. Қоғамның өзекті мәселесі – үш тілді: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген, халықаралық стандарттарға сай келетін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім алған, өз елінің салт-дәстүрін, мәдениетін білетін, озық әрі жаһандық көзқарасы бар азамат өсіру.

Отбасында нәресте дүниеге келген кезден бастап оның бойына рухани бай құнды қасиеттерді сіңіруді қолға алу қажет. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Ал өз ісін, өмірін жап-ғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу – адамзат алдындағы негізгі міндеттің бірі. Ол үшін әр азамат өзін-өзі танып, өз ісіне баға беруі тиіс.

Бақытқұл РЫСАЛДИЕВА,
Абай ОМ бастауыш сынып мұғалімі
Мойынқұм ауданы
Жамбыл облысы

ТарГПУ

Музыка – величайшая ценность

В Жамбылском областном театре казахской драмы в рамках программы «Рухани жаңғыру» состоялся концерт, посвященный 20-летию эстрадного оркестра «Жібек жолы» Таразского государственного педагогического университета.

В вузе есть факультет дополнительного педагогического образования, на базе которого был организован эстрадный оркестр «Жібек жолы». Руководит им маэстро казахстанской эстрады, композитор, дирижер, Отличник культуры Республики Казахстан, декан факультета дополнительного педагогического образования ТарГПУ Владимир Семенович Максименко.

Эстрадный оркестр «Жібек жолы» – сравнительно молодой коллектив, который сразу заявил о себе, став победителем международных джазовых фестивалей «Актобе Джаз» и «Южная ночь Шымкента». Ор-



кестр ведет активную концертную деятельность, принимает участие во многих городских и районных мероприятиях.

Коллектив находится в постоянном творческом поиске новых идей, жанров и стилей. На концерте в исполнении оркестра звучала разножанровая музыка отечественных и зарубежных композиторов, популярные эстрадные, ин-

струментальные, вокально-инструментальные композиции, джазовые стандарты.

В концертной программе приняли участие одаренные солисты оркестра, студенты ТарГПУ Амангельды Береке, Ноиля Шарипова, Суад Лена и выпускники эстрадного оркестра «Жібек жолы»: лауреат республиканского фестиваля им. Ш.Калдаякова Фариза Дос-

болова, лауреат республиканских фестивалей Д.Диханбаева, Бейнеш Акжол.

Отчетный концерт оркестра совпал с 70-летним юбилеем Владимира Семеновича. В адрес юбиляра звучали искренние поздравления. Каждый выступающий желал музыкантам творческого роста, побед и признания зрителей.

Концерт живой музыки эс-

традного оркестра никого не оставил равнодушным. Музыка – величайшая ценность, ее роль в жизни каждого человека неоспорима. Низкий поклон вам, господа музыканты!

Орынкыз ДЖОЛДАСОВА,
проректор
по воспитательной работе
и социальным вопросам
Таразского государственного
педагогического
университета

ІС – ШАРА

Сыр өңіріндегі сандық форматтағы олимпиада

Институтымыз Қармақшы ауданы, Ақжар ауылындағы №28 орта мектепте Қазақстан тарихы пәнінен 9-10 сынып оқушылары арасында КСРО білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаев атындағы сандық форматтағы алғашқы облыстық олимпиадасын өткізді.



Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҒО» АҚФ
Қызылорда облысы
бойынша ПҚ БАИ директоры

Олимпиада оқушылардың Қазақстан тарихы пәніне деген интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерін айқындау және

дамыту, дарынды оқушыларды қолдау, шәкірттер арасында ғылымға деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Олимпиаданың ашылу салтанатында сөз алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары И.Құттықожаев және прокуратура генералы Б.Тәйімбетов оқушыларға ақ жол тілеп, туған жерге тағым етудің үздік үлгісін көрсетіп, осындай ұлағатты шараға демеушілік жасап жүрген Сәден Нұртаев ұрпақтарына алғыс білдірді.

Облыстық олимпиадаға мектепшілік, аудандық кезеңдерден жеңімпаз атанған 34 оқушы (9 және 10-сыныптардан 17-ден) қатысты. Олимпиада екі-кезең бойынша өткізілді. 1-ші кезеңде қатысушылар ACTIVote құрылғысы арқылы берілген тест сұрақтарына бірнеше жауап нұсқалары ішінен желісіз радиопульттің батырмасын басу әдісімен жауап беруге мүмкіндік алды.

Тест қорытындысы экран бетіне автоматты түрде шығарылып, олимпиада ережесіне сәйкес жоғары балл жинаған 16 оқушы (әр сыныптан 8 оқушыдан) ақтық сынға жолдама алды. 2-ші кезеңде қатысушылар Power Point бағдарламасында



жасалған деңгейлік тапсырмаларға жауап беру арқылы ұпай жинақтады. Ұпай қорытындысы бойынша олимпиада жеңімпаздары анықталды.

Пәндік олимпиада қорытындысымен 9-сыныптар арасында I-орынды Жалағаш ауданы №246 орта мектебінің оқушысы Ақниет Бақтиярова, II-орынды Арал ауданы №62 орта мектеп-лицей оқушысы Р.Қайырла және III-орынды Қармақшы ауданы №29 орта мектептің оқушысы Қ.Мырзағали жеңіп алды. 10-сыныптар сайысында I-орынға Сырдария ауданы №129 орта мектеп оқушысы Исатай Келдібай, II-орынға Қазалы ауданы №249 орта мек-

теп-лицей оқушысы Р.Өзілхан, III-орынға Арал ауданы №57 орта мектеп оқушысы Ж.Жақсылықов ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, қаржылай сыйақымен марапатталды. Сонымен қатар, облыстық олимпиадаға қатысушылардың барлығына және оқушылардың жетекшілеріне қаржылай сыйақымен Алғыс хаттар табыс етілді.

Асыл азаматтың ұрпақтары атынан С.Нұртаевтың баласы, белгілі кәсіпкер, қоғам қайраткері Рзақұл Нұртаев соңғы үлгідегі оқу құралдарымен және интерактивті тақтамен жабдықталған тарих кабинетін ашып, мектеп ұжымына Ел-

басының «Тәуелсіздік дәуірі» және түрлі бағыттағы кітаптарды табыс етіп, оқушыларға білім көшінің алдыңғы қатарында болуын тіледі.

Облыстың әр тұкпірінен келген балалар тарих және қоғамтану пәндерінен дәріс берген ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаевтың өмір жолына қанық болып, тағылымы мол тарихшының тәлімге толы тағдырында жүргізген ғылыми зерттеулерін зерделеп, ұлы даланың ұлылығын ұғынып қайтты. Оқушылар Сыр бойында алғаш рет ұйымдастырылған сандық олимпиада болашақта бұдан да кең ауқымда өткізілетініне сенімді болып қайтты.

Университеты должны служить обществу

Слова богатого купца Аркада из Древнего Вавилона, как это ни удивительно, совершенно точно описывают предназначение университетов. Чему бы университеты ни учили, конечная цель сводится к одному – дать выпускнику такие знания и навыки, чтобы он получил возможность стать процветающим и счастливым членом общества.



Марат Мырзахмет

Чему учить и как учить – эти вопросы становятся все актуальнее для наших университетов. Здесь мы попытаемся поделиться опытом преподавания дистанционного курса в рамках проектной технологии обучения в Казахско-Русском международном университете г. Актобе (КРМУ).

КРМУ перешел на проектную технологию обучения с 2016-2017 учебного года. В основе этого метода обучения лежит развитие у студентов познавательных навыков, умений самостоятельно конструировать свои знания и ориентироваться в информационном пространстве.

Для бакалавров кафедры экономики, менеджмента и сервиса был прочитан курс «Малая тройная спираль». Он описывает инновационные процессы в обществе, используя модель тройной спирали взаимодействия науки, бизнеса и государства. Если нет достаточно тесного взаимодействия между ними, инновационный процесс может и не сдвинуться с места, сколько бы государство ни расходовало на это бюджетных средств.

Мы рассматриваем инновационные процессы на уровне университетов, поэтому взаимодействие основных движущих сил – науки, бизнеса и образования (соответствующих университетских подразделений) – названо нами малой тройной спиралью.

В первом семестре студенты изучали методику написания кейс-стади: учились методам академического письма, исследования ситуации, изучения и анализа документов, интервьюирования сотрудников университета. На теоретических занятиях подробно разбирали кейсы российских университетов. На практических занятиях студенты разрабатывали темы собственных исследований, связанные с событиями в родном университете: история развития и современное состояние университетской библиотеки, проектная технология обучения и др.

Во втором семестре мы полностью перешли на студентоориентированное обучение, основополагающий принцип Болонских реформ в высшем образовании, предполагающий смещение акцентов в образовательном процессе с преподавания (преподавателецентрированное обучение) на учение как активную образовательную деятельность студента с

учетом его личностных особенностей и потребностей, акцента на самостоятельную деятельность и повышение его личной ответственности за результаты обучения.

Это потребовало внедрить в учебный процесс четыре основных элемента научно-производственного цикла: теоретическую основу конкретного исследования, без которой студенты просто не поймут, о чем дальше будет идти речь, методику проведения конкретного исследования, методику демонстрации результатов исследования в виде постерных докладов и методику коммерциализации разработанной в ходе исследования идеи с созданием сайта стартапа.

На теоретическом этапе преподаватель помогал студентам освоить основы инновационного менеджмента, а именно подход тройной спирали, хорошо изложенный в монографии российских специалистов. Первоначально студенты поочередно вслух читали каждый абзац текста, вместе искали ключевые слова, учились по ним перефразировать исходный текст, овладевая таким образом техникой критического чтения. Затем они делали это самостоятельно. После завершения каждого раздела текста студенты писали своими словами эссе на тему раздела объемом 500 слов в течение академического часа (50 мин).

Методику взбометрического анализа студенты изучали на примере сайтов университетов. Каждый член группы получал определенный университет, изучал его организационную структуру, вычленил подразделения, относящиеся к науке, бизнесу и образованию, верифицировал достоверность разделения, советуясь с преподавателем или переписываясь с должностными лицами соответствующих университетов.

Освоив взбометрику на основании изучения полученных от преподавателя научных статей, студенты приступали к анализу инновационного потенциала «своего» университета. В итоге были получены научные результаты, доложенные в ряде конференций и поданные на публикацию в журналы из списка ККСОН. Более того, три доклада студентов приняты к участию в профильную

международную конференцию по тройной спирали в г. Манчестер (Великобритания).

Участие в международных конференциях потребовало у студентов освоить технологию изготовления постеров (плакатов размера А0) с эффектно и разнообразно представленными научными результатами. Несколько часов практических занятий было посвящено именно этому важному элементу научной активности.

И, наконец, последний, но очень ценный этап научно-производственного цикла – этап коммерциализации – был специально заточен на создание самими студентами стартапа на идеях курса «малая тройная спираль». Спираль «наука – бизнес – образование» в результате дискуссии на онлайн-занятиях трансформировалась в спираль «идея – предприимчивость – рутина». Студентов внезапно озарило, что подход малой тройной спирали можно применять практически в любой человеческой сфере деятельности, превращая рутину в перспективное дело с помощью креатива и предприимчивости. Эти три стороны процесса при эффективном взаимодействии могут породить воронку, которая начнет массово притягивать заинтересованных участников.

Вспомним опять Аркада с его пятью законами богатства: 1) откладывай десятую часть своего заработка; 2) вкладывай накопленное в дело; 3) защищай богатство, вкладывай осторожно и мудро; 4) слушай советы только компетентных людей; 5) избегай непродуманных, глупых проектов. Студентам пришла в голову мысль помочь людям научиться экономить и приумножать свое добро в самом распространенном деле – оплате коммунальных услуг.

Не секрет, что в целом население расходует коммунальные ресурсы вдвое больше, чем ему требуется. Сэкономить 50% расходов, а затем вложить их в перспективный проект – достойная цель. Для многих это стало бы первым шагом к развитию в себе предпринимателя и к будущему процветанию. В любом случае избавление больших масс людей от иждивенческих настроений даст большой социальный эффект.

Наши студенты таким образом создали стартап «Сохранить

и приумножить», целью которого является обучить широкие слои населения Актюбинской области методам сбережения, накопления и инвестирования на основе разумного использования коммунальных услуг, предоставляя необходимые информационные материалы и инструменты.

Для привлечения клиентов создан специальный сайт стартапа «Save and Make», на котором планируется предоставить каждому клиенту личный кабинет, где он мог бы планировать свои коммунальные расходы и даже в целом семейный бюджет. При этом клиент может воспользоваться советами организаторов сайта, других клиентов и удобными программами управления личными финансами.

На первом этапе (2 месяца) запланировано участие в проекте примерно 5 тыс. человек (студенты и преподаватели КРМУ и их семьи), на втором этапе (следующий 2 месяца) – 10 тыс. жителей г. Актобе, на третьем этапе (до конца года) – 20 тыс. жителей Актюбинской области. Предполагается удвоение числа клиентов каждые 2 месяца проекта. Надо иметь в виду, что, согласно данным социологов, существует 3-7% предпринимателей из конкретной группы людей. Следовательно, только 1000 из 20 000 тысяч граждан создадут дело, и только 1% из них будет успешным, порождая 5 рабочих мест, то есть на четвертом месяце проекта появятся 10 предпринимателей, которые создадут 50 рабочих мест, на шестом – 20 предпринимателей и 100 рабочих мест и т. д.

В процессе выполнения образовательной программы каждый студент получал файл «Кто за что отвечает» и постоянно обновляемый портфолио всех выполненных/выполняемых/запланированных работ. Каждый студент либо являлся лидером группы авторов публикаций или членом проектной команды, либо исполнителем в этих проектах.

Всего было выполнено 20 различных проектов теоретического, экспериментального или прикладного характера. В конце обучения студенты получили оценку согласно активности в качестве лидера, которая ясно прослеживается в файле «Кто за что отвечает». Членство в группах выразилось в виде базовой оценки в 70%. Студенты получили оценки в диапазоне от 78% до 100%.

В ходе обучения мы следовали основным принципам студентоориентированного обучения. Преподаватель регулярно анализировал методы обучения, чтобы стимулировать критическое мышление и личностные навыки студентов. Этому хорошо способствовали элементы академического письма, которые давались в ходе курса.

Мы исходили из представления, что и вуз, и преподаватель, и студенты уникальны. Все они работают в разнообразных контекстах и имеют дело с различными дисциплинами. Это очень

органично для теории тройной спирали, которая излагалась в теоретической части курса.

Подход к каждому студенту был индивидуален, поскольку одни студенты эффективнее обучаются с помощью метода проб и ошибок, другие получают знания через практический опыт, третьи лучше усваивают информацию, читая литературу, четвертым необходимо обсуждать теорию для того, чтобы ее понять. Учитывались также индивидуальные потребности и интересы студентов, которые зачастую выходили за пределы учебного курса. Это особенно относилось к прикладным вопросам курса.

Каждый студент имел право выбора быть лидером команды или нет, участвовать в данном конкретном проекте или нет, поскольку они имели различный опыт и знания. Обучение максимально адаптировалось к жизненному и профессиональному опыту каждого студента. Нам удалось наладить хорошее сотрудничество со студентами в области общего понимания проблем, возникавших в процессе обучения, что способствовало их успешному решению.

Считаем, что разработанная нами образовательная программа мотивирует студентов к активной роли в совместном создании процесса обучения, а оценка успеваемости студентов отражает этот подход. В ходе обучения студенты смогли воспользоваться следующими плюсами студентоориентированного обучения: значимая роль студентов в академическом сообществе (участие в крупных международных конференциях); повышенная мотивация к обучению (получение навыков научных исследований и прикладных работ, возможность быть лидером команд).

В ходе осуществления проектного обучения по курсу «Малая тройная спираль» мы старались помочь студентам управлять своими ожиданиями как вовремя, так и после обучения, стать более мотивированными и лучше справляться с обучением. Мы надеемся, что нам удалось существенно повысить потенциал студентов, что позволит им стать конкурентоспособными на профессиональном рынке труда.

В заключение хотелось бы отметить беспрецедентные усилия ректора Т.Б. Бердимуратова и его великолепной команды, благодаря которым успешно осуществляется развиваемая ими программа проектной технологии обучения.

Кабира БЕГИМБАЙ,
к.п.н., доцент
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
дизайнер
Марат МЫРЗАХМЕТ,
к.ф.-м.н., профессор
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
руководитель проектной
группы «Малая тройная
спираль»
Казахско-Русского
международного
университета г. Актобе

НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ

Мировой контекст: исследование и рефлексия

Что такое исследование в действии? Исследование в действии на базе школы – это процесс, который позволяет анализировать, размышлять и разрешать учебные проблемы. Цель исследования – саморефлексия практики в целях более углубленного ее понимания и дальнейшего совершенствования.



Мая АСАНБАЕВА,
учитель-модератор
русского языка и литературы
Айгуль КАСЕНОВА,
учитель русского языка и литературы
НИШ г. Астаны

Программа НИШ является инклюзивной, она предполагает, что учащиеся проводят связь с реальным миром. Для этого в программу включен один из компонентов, глобальный контекст, который показывает,

как учение наилучшим образом проходит в контексте.

Использование глобального контекста в планировании и обучении помогает ученикам стать исследователями, знающими и заботливыми, быть толерантными по отношению к мировому сообществу, способствует развитию международного сознания. Обучение в контексте помогает учащимся ответить на важный вопрос: «Почему мы изучаем это?». Часто мотивация учения зависит от способности найти ответ на этот вопрос.

Мы попытались на примере изучения повести Б.Момышулы «Наша семья» проанализировать произведение через призму глобальных контекстов, а их МУР определяет шесть: «Личности и отношения», «Личное и культурное выражение», «Ориентация во времени и в пространстве», «Научные и технические новшества», «Глобализация и устойчивое развитие», «Справедливость и развитие». Для анализа мы разработали урок «Изучение повести



Б.Момышулы «Наша семья» через призму глобальных контекстов».

В рефлексии учащиеся писали о том, что рассмотрение произведения через все глобальные контексты дает глубокое понимание авторского замысла и смысла самих глобальных контекстов. А также они говорили о том, что такой вид работы развивает навыки критического мышления и коммуникации, помогает ориентироваться во времени и в пространстве, то есть дает возможность увидеть актуальность произ-

ведения и в наше время.

Учащихся удивило то, что в одной повести можно найти эпизоды, связанные одновременно с наукой, технологией и культурой. Одним из главных наблюдений учащихся явилось то, что изучение произведения через рассмотрение разных глобальных контекстов дало возможность узнать забытые традиции казахского народа, что является актуальным в современном мире для гармоничного развития молодого поколения в век «Рухани жаңғыру».

Дарынды балаларды оқыту

Қазіргі қоғамда заман талабына сай зияткер тұлға мен дарынды оқушыны анықтап тәрбиелеу алдыңғы қатардағы дамыған елдердің де басты мәселесі.

Дарынды оқушыларды бақылау мен анықтауда «Макзлпай мен Ридтің 1996 жылғы бірінші деңгейлі ұстаздарға арналған жетектемесін негізге аламын. Берген материалды жақсы есте сақтап қалу үшін, жақсы түсіну үшін оқушы материалды қайталау керек. Сондықтан көбінесе мәтінмен жұмыс түрін қолданамын. Мәтінге байланысты түрлі тапсырмалар құрастырамын. Мысалы, мәтіндегі мәліметтерді түсініп, болжау жасау, негізгі фактілерді анықтау, берілген мәтіндегі мәселені болжау. Белсенді әдістердің ішінен «Ыстық орындық», «Микрофон», диалогтік оқытудағы әңгімелеудің әңгіме-дебат түрін пайдаланамын. Дарынды оқушылар сезімге қарағанда логика мен ақылға сүйенеді, яғни, логика-математикалық қабілетінің басымдығы анық байқалады. Сол үшін оқу процесінде тапсырмаларды күрделендіру стратегиясын, «Алты қалпақ», мәтінге байланысты салыстыру, болжау, Венн диаграммасы және т. б. әдістерді кеңінен қолданамын.

Оқытуды жеке тұлғаға бағыттаудың бірнеше тәсілі бар екенін деңгейлік курс бағдарламасына арналған ресурстардан білдім. Әрине дарынды балаға жеке бағытталған тапсырма беру мұғалімнің міндеті. Ол тапсырма айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, мәселелерді шешу мен зерттеу қабілеттерін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар болады. Мысалы, SWOT талдауы, мәтіндегі ойды жалғастыру, балама кейіпкерді ойлап табу, оны талқылау. Дарынды ба-

лалармен жұмысты жоспарлауда жиі қолданатын стратегияларымыздың бірі – күрделендіру (тапсырмаларға талаптарды күшейту) және пәнаралық тапсырмалар құру. Топтық жұмысты ұйымдастыруда танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық орта құрылуына көңіл бөлемін. Өз тарапымынан топ жұмысына сыпайы түрде араласып, оның бірлескен жұмысына барынша көп қолдау көрсетемін. Себебі, шәкірттерді үнемі қолдап, көтермелеп отыру жұмыстың нәтижелілігіне әкеледі. Сабақ аяқталған соң оларға топтағы жұмыс үдерісі және оның нәтижелері туралы міндетті түрде рефлексия жасап, оқушылардың қажеттілігін қанағаттандырамын.

Әр ұстаз өз қызметінде оқыту мен білім беру барысында барынша табысқа жетуге, оқушыларға қолайлы жағдай туғызуға ұмтылады. Дарынды және талантты балаларды оқытуда бұл мәселе қосымша ойлануды, тиянақты жоспарлауды, талқылауды, өзіндік сабақ құрылымының болуын талап етеді. Дарынды, талантты оқушылардың танымдық қабілеттерінің өрісі кең, сондықтан қазір оларға қойылатын талаптар, жалпы парасаттылық пен академиялық, шығармашылық көшбасшылық қабілеттерін ескерумен шектелмейді. Олардың оқудағы уәжділігі, қоғамдағы көшбасшылығы және өз бетінше жұмыс алуына да зейін аударамыз. «НЗМ» АҚ 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясында «оқушылардың қызығушылығы, бейімділігі және қабілеттілігінің толыққанды ескерілуіне, оқудың жеке траекториясын құруға, шығармашылыққа, суырып салмалыққа, жеке шығармашылық ізденіске жетелеуге» барлық мүмкіндіктер мен жағдай жасалу керектігі көрсетіледі.

Сәуле БИТАЕВА,
Талдықорған қаласындағы
ФМБ НЗМ
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Воспитание глобального гражданства

Задумывались ли вы о том, как можно формировать навыки глобального гражданства на уроках английского языка в начальной школе? Как построить содержание уроков так, чтобы дети научились жить в глобальном сообществе?

Обновленная программа обучения английскому языку в современной школе Казахстана ориентирует учителей на достижение целей обучения, а именно развитие четырех навыков речевой деятельности и использование языка. Тематика разделов курса связана с другими дисциплинами горизонтально и развивается циклично с младших по старшие классы вертикально.

В преподавании и обучении разновозрастных групп важен выбор форм, методов и ресурсов, соответствующих интересам, проблемам, ценностям учащихся. Однако как же подобрать их таким образом, чтобы можно было реализовать и цели обучения, и задачи глобального гражданства одновременно, сохранив межпредметную интеграцию и преемственность? Приведу примеры. В ходе проведения уроков в начальной школе на этапе Warm-up использую фото и видеоматериалы, через которые дети изучают реалии мировой культуры по конкретной теме. Так, например, при изучении темы «How do you get to school?» в первом классе детям было показано видео о том, как в



Поиск насекомых во дворе школы

разных странах мира дети добираются до школы. Учащиеся, проговаривая фразы «They get to school by boat, on foot...» и т. д., сделали вывод, что добираться до школы им намного комфортней и безопасней, чем детям из видео.

Уважение к древней культуре и биоразнообразию прививаю на уроке в 3 классе по теме «Rock Art». Это была серия уроков о животных и насекомых. Учащиеся узнали об истории наскальных рисунков, называли животных, выходили на улицу, находили насекомых, собирали небольшие камешки и рисовали на них насекомых и животных. Потом они рассказывали о них. Это лишь маленький пример того, как показать учащимся целостность мира, зависимость процессов развития и взаимодействия культур во времени.

Знакомый подход при планировании обучающих сессий – это составление правил поведения на уроке и контроль за их выполнением. Он способствует форми-

рованию навыка внимательного и сострадательного отношения к другим людям, умения работать мирно в коллаборативной и окружающей среде.

Помогает формировать знания о международной истории написания даты урока на доске и в тетради с упоминанием знаменательных событий международного уровня и ведение календаря международных праздников в дневнике на английском языке.

Реконструкция текста учителем также является одним из путей внедрения международного контекста. Так, например, при изучении темы «Музыкальные инструменты» были изменены европейские имена детей в тексте «School orchestra» на имена разных национальностей и народов мира, включая и казахское имя. Через этот подход нужно было донести до учащихся возможность и казахстанских детей участвовать в мероприятиях международного масштаба.

Таким образом, формирование языковых навыков через мета-знания из контекстов образовательных ресурсов воспитывает в учащихся ответственность за себя, страну и мир. Воспитание глобального гражданина, гражданина мира – долгосрочная системная работа всего педагогического коллектива.

Лязат ДУЙСЕБАЕВА,
учитель английского языка
НИШ ФМН
г. Талдықорған



Rock Art учащихся

КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ

Первый образовательный хакатон в Караганде

В школе-лицее №57 им. С.Саттарова прошел областной конкурс «ITeens-2018», в котором приняли участие 180 школьников Карагандинской области, Астаны и Алматы. Организаторами мероприятия выступили учебно-методический центр развития образования Карагандинской области и Компьютерная Академия «ШАГ».

Соревнования проходили по двум направлениям: олимпиада по программированию и хакатон. Мероприятие было заявлено как областное. Тем не менее испытать свои силы приехали юные программисты из других регионов страны.

Цель конкурса – популяризация информационно-коммуникационных технологий, повышение функциональной грамотности детей, а также выявление и развитие у школьников творческих способностей и интереса к IT-технологиям.

На олимпиаде были предложены задачи по программированию на языках C, C++, Pascal, Java, Python и т. д. Участники хакатона состязались в пяти номинациях: графический дизайн, робототехника, 3D-моделирование, создание презентации и разработка игр Kodu Game Lab.

– Мы использовали самые разные задачи всех уровней сложности. И многие из участников отлично с ними справились, – рассказал директор по развитию Компьютерной Академии «ШАГ» Игорь Рыбкин. – Программисты удивили своими знаниями даже меня. Над работами в сфере робототехники Arduino нужно еще потрудиться, а продукты, представленные в номинации «3D-моделирование», хоть сейчас на продажу выставляй.

Работы юных программистов и конструкторов поразили воображение даже самых искушенных зрителей: яркие краски, гармоничный дизайн, удивительные решения. Педагоги, приехавшие на соревнования со своими воспитанниками, приняли участие в семинарах и мастер-классах от академии.

По результатам соревнований определили победителей по номинациям. Им вручили дипломы и ценные призы. В номинации «Робототехника Arduino» Гран-при получил ученик Академии «Шаг» Эдуард Грот, I место – у ученика СШИ IT г. Караганды Дамира Атрашквича; II место – у ученика СШ им. П.Корниенко Абайского района Игоря Толстогузова, III место – у ученика школы им. Абая Абайского района пос. Топар Асета Жаксыбая.

У старшеклассников в номинации «Создание презентации» Гран-при завоевал ученик КГУ СОШ №12 Абайского района Станислав Лылов. I место было присуждено ученику Академии «Шаг» Искандеру Махамбету, II



место – ученице ШЛ №57 им. С.Саттарова г. Караганды Зарине Саякуловой, III место – ученику школы №17 г. Сарани Матвею Ульянову.

Среди младших классов Гран-при присудили ученику Академии «Шаг» Никите Максименко, I место – у ученика Академии «Шаг» Александра Хорошавина; II место – у ученицы №1 школы г. Сарани Дианы Краснопеевой, III место – у ученицы СОШ №16 г. Караганды Санам Зейнулла.

В номинации «Kodu» Гран-при – у ученика СОШ №12 Абайского района Станислава Лылова. I, II и III место завоевали ученики Академии «Шаг» Санжар Исламов, Влад Карпов и Алексей Баскаков соответственно.

В номинации «3D-моделирование» среди старшеклассников Гран-при – у ученицы Академии «ШАГ» Татьяны Болаткиной; I место – у ученика Академии «Шаг» Богдана Онишквича, II место – у ученика №15 школы-лицея г. Балхаша Абдумалика Осавнова, III место – у ученика школы №23 г. Караганды Никиты Букина.

В состязании среди младших классов отличились исключительно ученики Академии

«ШАГ»: Гран-при – Денис Султанов, I место – Ярослав Князев, II место – Даниил Кожемякин, III место – Алексей Новиков.

В номинации «Графика» среди старшеклассников I место получили ученики СОШ №63 г. Караганды Сергей Махинько и Павел Бутакин, II место – ученица Академии «Шаг» Екатерина Сурнина, III место – ученица ШЛ №57 им. С.Саттарова г. Караганды Силара Саматова.

В этой же номинации среди младших классов победителями стали ученики Академии «ШАГ». Гран-при получила Ульяна Киева, у нее же I место, II места удостоился Мирас Мусабеков, III места – Сергей Москалев.

В номинации «Программирование» Гран-при завоевал ученик гимназии №38 г. Караганды Әбу Саид Манап. I место – у ученика Академии «Шаг» Романа Васильченко, II место – у ученика СШИ имени Н.Нурмакова г. Караганды Эрнара Кульбаева, III место – у ученика гимназии №9 г. Караганды Дмитрия Васильева.

Ботагоз ШАМАРОВА



Мектептен тыс «шынайы» сабақ

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру аясында орталығымыздың ұйымдастыруымен Жаңарқа ауданында «Мектептен тыс жерлерде «шынайы» сабақты ұйымдастыру және өткізу» тақырыбында семинар өтті. Басқосуға аудан бойынша білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және география пәні мұғалімдері қатысты.

Семинар модераторы ретінде «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында берілген тапсырмалардың бірі «Туған жер» жобасы туралы талдау жасап, өлкетану тарихын оқытудың маңыздылығын айтып өттім. Біріншіден, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгіме-



лер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Екіншіден, басқа аймақтарға көшіп кетсе де, туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген көсіпкерлер, шенеуніктер, зиялы қауым өкілдері мен жастарды қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін.

Үшіншіден, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуы тиіс. Оны мұқият ой-

ластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет.

Басты міндет – жас ұрпаққа туған өлке тарихы бойынша белгілі бір ғылыми принциптерге негізделген нақты білім беру. Бүгінгі күннің талабына сәйкес, жас ұрпақтың өз өлкесінің тарихын терең меңгеруде мектептен тыс мұражайларда, мәдени ұйымдарда, тарихи ғимараттарда ұйымдастырылатын сабақтардың үлесі зор деп ойлаймын.

Осылайша, Елбасы мақаласында берілген тапсырмаларды жүзеге асыруда аз болса да өзіміздің үлесімізді қоссақ дейміз.

Семинар мақсаты – мұғалімдердің

мектептен тыс жерлерде ықпалдастырылған сабақты ұйымдастыру және өткізу дағдыларын дамыту.

Мектептен тыс «шынайы» сабақты ұйымдастырудың нақты әдіс-тәсілдерін үйрету үшін семинар Жаңарқа ауданы, Атасу кентіндегі Сәкен Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайында өткізілді.

Жиын барысында мұғалімдер мұражайды аралап, тыңдаушы ғана болған жоқ, керісінше мұражайдағы деректерді өз жұмыстарына пайдаланып, белсенді қатысушыға айналды. «Құпия зат», «Селфи репортаж», «Төрт бағытта талдау», «Шағын дөріс» әдістерін падалану арқылы түрлі тапсырмаларды орындады. Мұражай қызметкерлерімен бірлескен жұмыс түрін көрсету үшін, экскурсия жетекшісіне кері байланыс беру жүктелді.

Шарада педагогтерге мұражайда өтетін сабақ құрылымын жоспарлау және тиімді әдіс-тәсілдерді саралау, мұражайдағы тарихи деректерді, көрнекіліктерді және түпнұсқа материалдарды тиімді пайдалану жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Гүлмира ТҮСПҚАЛИЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Қарағанды облысы
бойынша ПҚ БАИ
академиялық
бөлімнің бас маманы

КарГТУ – 65 ЛЕТ

Запомнится и повторится этот бал



В Караганде состоялся VI Бал ректора, приуроченный к 20-летию Астаны и 65-летию Карагандинского государственного технического университета.

Идея принадлежит студенческому активу университета. Ее поддержало руководство, и с 2013 года мероприятие проводится ежегодно. По примеру КарГТУ с 2015 года стали организовывать городские молодежные благотворительные балы.

На этот раз в бале, прошедшем в ресторане «Arista», участвовало 65 пар студентов КарГТУ, имеющих достижения в учебе, научной и общественной деятельности, прошедшие соответствующий отбор.

Почетными гостями бала были участники международного студенческого форума «Глобальные инициативы Казахстана: взгляд молодежи» из стран Евразийского экономического союза и



Шанхайской организации сотрудничества, представители общественных организаций города, аксакалы, члены Совета по духовно-нравственному воспитанию, Совета ветеранов университета, родители студентов, преподаватели и сотрудники.

В торжественной атмосфере победителям конкурсов «Лучший студент», «Лучший куратор», «Лучший староста», «Лучшая группа», «Лучшая комната общежития», «Лучшее профбюро факультета» по итогам текущего учебного года

были вручены награды.

Программа предусматривала исполнение 5 классических танцев студентов, танцы с гостями, выступления студентов КарГТУ с творческими номерами. Из 65 пар жюри выбрало 7 пар претендентов (по итогам

онлайн-голосования студентов, по качеству исполнения, посещению репетиций).

Ведущие вечера Думан Аким и Умиртаева Нургуль объявили пару, победившую в конкурсе «Король и Королева». Это студенты группы АиУ-17-2 факультета электроники, автоматизации и телекоммуникаций Толеу Темирлан и Смаилова Дамира.

Приз зрительских симпатий вручили студенту группы ГД-16-1 горного факультета Шаймулик Нурлану и студентке группы МЕТ-15-2 машиностроительного факультета Кусбековой Меруерт.

Победители и пары претендентов получили призы от спонсоров бала. Мероприятие будет способствовать развитию у студентов чувства патриотизма, интереса к творчеству и коммуникативных навыков.

**Пресс-служба
Карагандинского
государственного
технического университета**



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Музыкалық оркестрлер және ансамбльдердің Шеруі өтті

Халықаралық балаларды қорғау күні – бұл әрқашан ашық, шуақты, шынымен де көңілді балалар мейрамы. Атаулы күнге орай, 1 маусымда Ақтөбе облыстық әкімшілік алаңында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалар мен жастардың музыкалық оркестрлері және ансамбльдерінің Шеруі» ұйымдастырылды.

Шеру – балалар мен жастардың бойында шынайылық пен рухани патриоттылық сезімін ұжымдастыру арқылы музыкалық мәдениетін арттыру, топтасып ұжымдасу барысындағы өз ұйымы үшін мақтанышы мен жауапкершілік сезімін арттыруды негізге алды.

Өткен жылға қарағанда биыл шараның өткізу географиясы айтарлықтай кеңейді. Былтыр Шеру Ақтөбе қаласы бойынша ғана өтсе, биылғы жылы Ақтөбе қаласы және облыстың 12 ауданының орталығында және шағын елді мекендерінде ұйымдастырылды. Шеруге Ақтөбенің аудан орталықтары мен елді мекендерді қосқанда, барлығы 43 459 адам қатысты. Қатысушы оқушылар, студенттер мен педагогтер орталық көшелермен салтанатты саппен жүріп өтті.

Шара барысында облыс әкімі Бердібек Сапарбаев осы жылғы Облыстық «Бақытты бала» жобасы аясында жеңіске жеткен Ақниет Боранбайұлына А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің грантын және Инжифия Каликоваға А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің шет тілдер факультетіне оқуға грант тапсырды. Сонымен қатар, жыл бойы түрлі жеңістерге жеткен 625 оқушыны жазғы демалыс жолдамаларымен марапаттады.

(5 оқушыға Татарстан Республикасы Қазан қаласындағы «Байтик» компьютерлік лагеріне, 120 оқушыға Орынбор облысындағы «Солнечная страна» сауықтыру лагеріне, 400 оқушыға ШҚО-дағы «Дарын» жазғы демалыс лагеріне және 100 оқушыға Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында Байқоңыр-Түркістан-Ташкент-Самарқанд бағыты бойынша туристік саяхатқа жолдамалар берді).

Шерудің салтанатты колонналарын – барабаншылар отряды, үрлемелі оркестрлер мен ансамбльдер, мажореткалар, черлидерлер, хор және би ұжымдары құрады.

Сондай-ақ, облыс орталығында өткен Шеруге Ұлттық нақыштағы көрсетілімдерімен Қарғалы және Қобда аудандарының балалар шығармашылық ұжымдары да қатысты. Шеру кезінде 400 оқушыдан құрылған топ музыкалық композиция көрсетіп, өз арман-тілектерін көгілдір аспанға 1000 шармен



әуелетіп ұшырды. Шеру үшін 2 автокөлік пен 2 автобус шармен әрленіп, оған мүмкіндігі шектеулі балалар отырды.

Әрбір қатысушы ұжым үшін Шеру – балалар мен педагогтердің шығармашылық жетістіктерін көрсететін үлкен мүмкіндік болды.

Қызықты репертуарлар, му-



Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен бірге Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы Ләззат Оразбаева, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Нұрбек Өршібеков, Ақтөбе қаласының әкімі Ильяс Испанов, Ақтөбе облысының білім саласын бақылау департаментінің басшысы Бұлбұл Күзембаева, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы Расул Медетов

зыкалық аспаптардың түрлілігі, шығармалар аранжировкаларының ерекшелігі, өнер көрсету кезінде музыкалық қызметтің бірнеше түрінің бірігуі: ән айту, қозғалу, аспапта ойнау, музы-



Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ақтөбе облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары



АЛМАТЫ: ОБРАЗОВАНИЕ

Воспитываем патриота и гражданина

Работа общеобразовательной школы №45 Бостандыкского района города Алматы направлена на формирование у школьников гражданской позиции и патриотизма, правовой и политической культуры, развитие национального самосознания, культуры межличностных отношений, социальной и религиозной толерантности.

Деятельность по формированию у детей высокого долга, выполнения конституционных обязанностей по защите интересов Родины, воспитанию суверенной личности гражданина – кропотливая, разносторонняя и интересная. Для этого педагогический коллектив использует богатый на воспитательные моменты потенциал праздничных дат, государственных праздников и школьных мероприятий.

Большая работа проводится по изучению государственных символов РК. Школьники под ру-



ководством педагогов подбирают информацию по этой теме, проводят классные часы, посещают музеи. Изучая Конституцию, учителя стараются показать практическую роль основного закона республики в жизни каждого гражданина, прививают правовую культуру.

В торжественной обстановке проходит День Знаний. После

общешкольной линейки во всех классах учителя рассказывают о том, какие возможности для каждого школьника открывает учеба, почему важно стремиться к знаниям, к новому.

По-особому торжественно проходят праздники День Независимости и День Первого Президента Республики Казахстан. Ребята узнают о важных страницах исто-

рии становления суверенного Казахстана, его миролюбивой политике и достижениях.

В День единства народа Казахстана школьники изучают традиции и обычаи этносов, проживающих на территории республики в мире и согласии, готовят концертные номера и выступают в национальных костюмах.

О воинском долге, любви к

Родине и подвигах героев рассказывают учащиеся воины-афганцы, ветераны Вооруженных сил и Великой Отечественной войны в День защитника Отечества и в День Победы.

К каждому государственному празднику в библиотеке оформляется выставка книг и фотографий. Ко Дню семьи был проведен конкурс рисунков. Интересно прошла встреча с чемпионом мира, заслуженным мастером спорта по боксу Ермаханом Ибраимовым и его тренером Серикбаем Абденалиевым.

Хорошим объединяющим началом для творчества, обмена новостями служит общешкольная газета. Педагогический коллектив нашей школы прилагает все усилия для того, чтобы школьная жизнь ребят была насыщенной, интересной, а главное, давала стимул для самосовершенствования и формирования гражданской позиции.

Айгуль НУРАДИЛОВА,
заместитель директора по
воспитательной работе
ОШ №45

Духовно-нравственное развитие в начальной школе

Порой молодое поколение неверно истолковывает понятия о добре, справедливости, патриотизме, милосердии и толерантности. В связи с этим возникла необходимость приобщения детей к духовно-нравственному развитию с младших классов.

Итак, каким же должен быть духовно-нравственный портрет выпускника начальной школы. Он должен уметь учиться, организовывать свою деятельность, пользоваться информационными источниками, обладать основами коммуникативной культуры, быть любознательным и активно познающим мир.

Реализовать выполнение поставленных целей и задач учителю помогает процесс воспитания и обучения. Урок – это место разнообразных коллективных действий и переживаний, накопления опыта духовно-нравственных взаимоотношений. Наиболее благоприятные условия создаются на уроках литературного чтения. В процессе чтения рассказов, стихотворений, сказок у детей складывается представление о добре и зле. Добрый – это тот, кто проявляет заботу об окружающих людях, друзьях, близких, родных, оказывая бескорыстную помощь. При работе с пословицами, поговорками важно объяснить их нравственный смысл путем подбора интересных примеров.

Знакомая детей с родным языком, учитель вводит их в мир народной мысли, народной жизни. Приступая к изучению рассказов, стихотворений, басен, учитель знакомит детей с народным творчеством, воспитывая тем самым в них духовность и нравственность. Продолжением такой работы может быть посещение театра (ТЮЗа) или цирка.

Наполнены краеведческим материалом уроки окружающего мира (дүниетану). Так, урок, посвященный охране природы, воспитывает бережное отношение к природе, учит заботиться о птицах и животных. Для более полного закрепления материала можно посетить с детьми соколиный питомник, который находится в 7 ки-

лометрах от Алматы, в Большом Алматинском ущелье.

Дети каждый день общаются в одном коллективе. Задача педагога – ежедневно направлять их мысли. Когда ученик действует только по указанию учителя, он учится прежде всего послушанию. Поэтому следует стараться не давать детям готовые решения. Оказываясь вне стен школы, такой ученик не находит выхода в экстремальных ситуациях. Воспитательный процесс лучше строить так, чтобы ребенок получил возможность самостоятельного поступка.

Большое значение в развитии духовно-нравственного воспитания имеют классные часы. На них дети активно показывают свою индивидуальность и творчество, высказывают свое мнение, видят, что к их мнению прислушиваются другие и чувствуют себя увереннее.

Доброжелательные взаимоотношения в классе можно построить и при совместной подготовке с детьми ролевой сценки, танца, доклада и т. д. Это способствует сплочению ребят в дружной коллективной деятельности. Когда в классе царит обстановка заботы, внимания, доброжелательности, ученик ощущает себя полноправным членом этого коллектива. При таком подходе развиваются достоинства каждого, преодолевается неуверенность слабых, не замечаются их недостатки.

Определяющее значение в нравственном воспитании имеет и личный пример учителя. Дети часто подражают учителю. Его личный пример, отношение к детям имеет определяющее значение в духовно-нравственном воспитании младших школьников.

Родителям тоже необходимо поддерживать ребенка, следить за его успехами в чтении, письме, математике. Поэтому необходимо чаще беседовать с родителями, проводить индивидуальную работу, приглашать их на классные мероприятия, обращаться. В результате такой планомерной работы учителя и родители смогут увидеть существенные изменения в духовно-нравственной сфере детей.

Мейрамкуль БОДЫКОВА,
учитель начальных
классов школы-гимназии №5

Особенности инклюзивного и интегрированного обучения

Долгие годы система образования четко делила детей на обычных и инвалидов, которые практически не могли реализовать свои возможности, их не брали в обычные учреждения. Несправедливость такой ситуации очевидна.

Возникла потребность во внедрении такой формы обучения, которая создаст оптимальные условия обучения – инклюзивное образование. Когда речь идет об обучении детей-инвалидов в общеобразовательных школах, используют два термина: «интеграция» и «инклюзия». Интеграция предполагает, что ребенок должен адаптироваться к образовательной системе, инклюзия – адаптацию системы к потребностям ребенка. При интеграции ребенок с особенностями в развитии должен выносить школьные нагрузки наравне со всеми. Если он не справляется, то уходит, школьная система при этом не меняется.

Инклюзия – более гибкая система. Она основана на том, что все дети разные, что они не должны отвечать нашим требованиям и стандартам, но при этом все могут учиться. Это значит, что школа должна быть предназначена для обучения любого ребенка: кому-то понадобится отдельная образовательная программа, кому-то – пандус, лифт.

Инклюзивные школы поощряют достижения, доказывая, что все дети могут быть успешными, если им оказывается необходимая помощь. Они предоставляют возможность обучения в атмосфере сочувствия, равенства, социальной справедливости, сотрудничества.

Такое образование требует новых и более гибких способов преподавания, разработки учебных программ, которые были бы максимально эффективны для всех учащихся. Накопление профессионального опыта, который дает работа в этих школах, поощряет непрерывное совершенствование специалистов.

Можно выделить несколько барьеров для инклюзивного образования. Это отсутствие гибких образовательных стандартов, несоответствие учебных планов и содержания обучения массовой школы особым образовательным

потребностям ребенка. У педагогов массовых школ нет специальной подготовки, представлений об особенностях психофизического развития детей с ОВЗ, методиках и технологиях коррекционного процесса для таких детей. Осложняет процесс недостаточное материально-техническое оснащение общеобразовательного учреждения под нужды детей с ОВЗ и отсутствие в штатном расписании дополнительных ставок сурдопедагогов, тифлопедагогов и медицинских работников.

В качестве основного довода против интегрированного обучения приводят сложности, связанные с материальными затратами по созданию в общеобразовательной школе условий для обучения детей с ограниченными возможностями. Безусловно, требуются значительные средства на обеспечение школы специальными программами, учебниками, подготовкой специальных учебных помещений (классы для социально-бытовой ориентировки, учебно-производственные мастерские). Финансовые трудности окупаются созданием благоприятной образовательной среды для детей с отклонениями в развитии, тем самым реализуется право этих учащихся на равные возможности в получении образования.

Также совершенно очевидно, что интеграция особых детей в массовые образовательные учреждения не снимает проблемы их коррекционной поддержки, без нее неординарные ученики вряд ли смогут учиться наравне с обычными одноклассниками и реализовать свое право на образование. В виду нестандартности ситуации интегрированный ребенок будет также нуждаться в услугах службы психологической поддержки. Необходимо осуществлять контроль за успешностью его обучения, помогать ему справляться с эмоциональными трудностями. Для успешной интеграции детей должна сложиться четко организованная и хорошо отлаженная инфраструктура специализированной педагогической и психологической помощи особым детям, обучающимся в общеобразовательном учреждении.

Гульнара ДАУЛЕТОВА,
директор КГУ ОШ №160

АЛМАТЫ: БІЛІМ

Рухани жаңғыру аясындағы кездесулер

Биылғы оқу жылында мектебімізде оқушылардың бойында ұлттық-мәдени құндылықтарды қалыптастыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, азаматтық белсенді ұстаным мен патриотизмге тәрбиелеу мақсатында бірнеше айтулы кездесу ұйымдастырылды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Медеу ауданы әкімі Ержан Жылқыбаевтың «Ұрпақтар сабақтастығы» бастамасымен «Тамырын жайып тереңге, ойлаған ұрпақ ертені...» тақырыбында Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері Аягул Мирзозовамен кездесу өтті. Кездесу қонағы оқушыларға тағылымы мол өмірі мен қызметі туралы қызықты баяндап берді.

Ал «Көненің көзін көрген, ұрпаққа ұлағаттың дәнін еккен...» кездесу шарасына ҚР Халық қаһарманы, халқымыздың біртуар батыры Бауыржан Момышұлының келіні, атамыз туралы мемуар жазған, қазақи дәстүрімізді насихаттаушы, ұрпақ қамын ойлаған, әжелер ісін жалғастырушы – Зейнеп Ахметова апамыз шақырылды. Кездесу барысында оқушылар оның «Шуақты күндер», «Балалар аманаты», «Күре тамыр» кітаптарынан түйген ойларын ортаға салды. Қазақта «Төріңнен қарт кетпесін» деген дана ұғым бар. Зейнеп апа ата-бабаларымыздан қалған таным, қазақи өнеге туралы кеңінен әңгіме қозғап, рухани-адамгершілік нәрімен сусындатты.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан басқа ешнәрсе үйретпейді. Жалғыз-ақ бізге қауіп төндіретіні – діни біліміміздің деңгейі



ҚР Халық қаһарманы, халқымыздың біртуар батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп апамен кездесуден естелік.

онша жоғары болмай отырғаны» деп жазды. Сондықтан діни мәдениет негіздерін танып, өзіндік, қоғамдық пікір қалыптастыра алатын азамат тәрбиелеу мақсатында 8-11-сынып оқушыларының қатысуымен өткен конференцияға әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушысы Е.Мәжен, Медеу аудандық Дін істері басқармасының ақпараттық талдау бөлімінің бас маманы А.Джанаманов, ІІБ ювеналды полиция бөлімінің басшысы, полиция майоры Е.Рақысбаев, аға инспектор, полиция майоры Р.Ахметов пен Қ.Көпбаева, Медеу аудандық білім бөлімінің әдіскері Э.Ақылбекова арнайы шақырылды. Конференция барысында Е.Мәжен «Дін және адамгершілік» тақырыбында дәріс оқыса, Е.Рақысбаев құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Э.Ақылбекова жасөспірім шақтағы уақытты тиімді пайдалану туралы сөз қозғады. Білім алушылар мамандармен пікір алмасып, толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды.

Ал «Мәңгілік ел» идеясы аясында ба-

тырлар ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және жас ұрпақты қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» ерлік сағатына «Желтоқсан қоғамы» қоғамдық бірлестігінің мүшелері Болат Нұрғазиев пен Нұрбосын Бейсеев арнайы шақырылды.

Жалпы, оқу ошағымыз Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының базалық мектебі.

Мектебімізде жыл сайын «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары жасалып, Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыруға, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыруға, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, жауапкершілік пен еңбексүйіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қа-

білеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» мүшелері мектебіміздегі барлық іс-шараларға белсенділікпен қатыса отырып, ұйым қатарына кіре қоймаған басқа балаларға үлгі-өнеге көрсетіп отыр.

Мектебіміздің ең үздік, ең үлгілі оқушыларының Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдану рәсіміне ҰОС жылдарындағы еңбек майданының ардагерлері – ата-әжелеріміз Абдымомун Маткаримов, Нәрбүбі Алишарипова, Мырзахан Насырбеков, Кенжегүл Аймұқанова, Бибісара Нұрдаулетова, Мейісгүл Садықова, Дарипа Шәмшілдаева, Нұрбала Найманбаева арнайы шақырылды.

Сұрапыл соғыстағы еңбек майданының ардагерлері шәкірттерге қиын-қыстау жылдардағы басынан кешкен оқиғаларды баяндап, естеліктер айтты. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына қабылданған оқушыларға өз қолдарымен галстук және төсбелгі тақты. Мектеп қабырғасында сапалы білім, саналы тәрбие алып, Мәңгілік еліміз Қазақстанның болашағы үшін адал еңбек етуге шақырды.

Директорымыз А.Иманғалиева мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен оқушылар атынан сөз сөйлеп, құрметті қоңақтарға алғысын білдірді. Салтанат соңы мерекелік концертке ұласты.

Жүсіп Баласағұн бабамыз: «Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жаңды өнеге тұт өзіне» демекші, біздің үлгі тұтарымыз – алдыңғы буын ағалар, аналар, әкелеріміз. Оларды сыйлау, аталы сөзін тыңдау, өсиет еткен аманатты орындау – бізге парыз. Үлгі мен өнегеге толы кездесулер алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген ниеттеміз.

Гүлмира ТУМАБАЕВА,
№163 МЛ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Медеу ауданы

Дидактикалық ойындар – сабақ әдісін жетілдіру

Ойын балаларды өмірдің ең қажетті қасиеттеріне: өжеттілікке, іскерлікке, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелейді. Ойындардың ішінде дидактикалық ойын балалардың жана білімді, пайдалы іскерліктер, әдеттер мен дағдыларды қабылдауына көмектеседі.

Дидактикалық ойын түрлері сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес алынып, тиімді жүргізілсе, оның оқу танымдық және тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойын кезінде олар тез сергіп, тапсырманы ықпалмен орындайды. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өздері ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Ойын араласқан жерде жарыс болмай тұрмайды. Балалар жолдастарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылатын сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды.

Сабақта ойын түрлерін оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді. Педагогика ғылымында баланың жеке адам ретінде дамуы үшін ойын ерекше орын алады. Ойын – бұл жасөспірімнің өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, жасөспірім қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынас құрылымын түсінеді. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп, да-

мып отырған белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын белгілі бір ұстамдық тәртіптің көрінісі.

Оқытудағы ойын әдісі – интербелсенді әдістер қатарына жатқызылады. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни, сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақта ойын түрін пайдалану – әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезінде, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді. Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Шәкірттердің шығармашылығын дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Жалпы алғанда, өркениеттің қарқынды дамуының негізгі қозғаушы күші шығармашыл тұлға екені белгілі. Оқушылардың оқу үдерісінде дамуын жүзеге асыру білім алу кезіндегі шығармашыл белсенділігі, өз беттерімен білімді игеру дәрежелері дидактика мен мектеп өмірінде үнемі басты мәселенің бірі болып қала береді. Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Еңдеше оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Жеке тұлғаның ақыл-ойын, танымдық үдерісін жетілдірудің, әлеуметтендіру

мен жан-жақты тәрбиелеудің көрсеткіші ретінде бағаланатын оқу үдерісінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын әрекеттерін ұтымды пайдаланудың мүмкіндіктері мол.

Ал мұғалімнің міндеті – балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласындағы жаңа инновация.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ол халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология, жалпы технологияның элементі, сабақ немесе оның бір бөлігі, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады. Еңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ол балалар үшін көмелетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс.

Ақылбек ҚАЛИ,
№102 ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жетісу ауданы

Дұрыс тәрбие – балаға өмірлік азық

Мұхтар Әуезов атамыздың «Еккенің тікен болса, қорғаның балауса болмас» деген сөзіне үнілсек, өзіне өзің сеніп, шын тәрбиелемесен, қай істе болмасын өжеттілік жасай алмайсың.



Гүлжаухар НҰРТАЕВА,
№172 МГ бастауыш сынып мұғалімі

Кейбір адамдардың ойын, пікірін тыңдап отырып, тұлға бойы асыл қазынаға толы неткен жандар деп танданасың. Солар қолына қалам алып жазса, ұрпақтың кәдесіне жарарлық көп-көп мұра

қалдырар ма еді деген ойға қаласың.

Қысықты түзететін – күш, қыңырды түзететін – тәрбие. Адамға күн шұғыласы қалай қажет болса, тәрбие де солай қажет. Балаға кішкентайынан дұрыс тәрбие беріп, жол көрсету ата-ана мен мұғалім үшін жоғары міндет. Тәрбиеде мақсат, талап, тілек қойылуы керек. Ережелер тәртіптілікке ғана шақырып қоймайды, мәдениеттілікке де үйретеді. Біздің мақсатымыз – шәкіртті ойшыл, епті, ерікті, сезімтал етіп тәрбиелеу, мұны күнделікті тәрбие жұмысында ұмытуға болмайды.

Педагогика – білім мен тәрбиенің ұясы. Ұстаз бала тәрбиелеуде жақсы нәтиже көруі үшін күш жігерін аямауы тиіс. Себебі, зиялы азамат – тәрбиенің жемісі.

Есті де, есер де – зор тәрбиенің көрінісі. Адалдықтың да, ақылдың да негізі тәрбиеде, сондықтан «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» демекші, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген абзал.

БАҒЫТ – БАҒДАР

Коллаборативті орта қалыптастыруға
диалогтің ықпалы

Бүгінгі жаһанданған заманда білім беру жүйесі де қарыштап дамуда. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде мектеп мұғалімдерінің алдында «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «Оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындау керек?» деген екі мәселе тұр.

Еліміздің болашағы жастардың қолында, ал жастардың сапалы да терең білім алуы – ұстаздар еншісінде. Заман талабына сай бүгінгі жастардың бойында бәсекеге қабілеттілік, АКТ құзыреттілік, көптілділік, сыни ойлау, табысты болу, түрлі жағдайда шешім таба білу, ұжымда жұмыс істей алу, өз-өзімен үйлесімді өмір сүру дағдылары қалыптасып, әлем

азаматы ретінде өзін қоршаған ортаның мәселелеріне бей-жай қарамау керек. Бұл дағдының бәрін оқушы бойында қалыптастыратын – мұғалім. Бұл нәтижеге мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы, мұғалім мен ата-ана, оқушы мен ата-ана арасында ынтымақтастық, жағымды қарым-қатынас болғанда ғана қол жеткізуге болады.

Жағымды коллаборативті орта құру – табысты оқытудың негізі. Өзіне қолайлы ортада, ынтымақтаса жұмыс жасау оқушы белсенділігін, оқуға ынтығасын, өзіне сенімділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, ұжымда ынтымақтаса жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Сабақ үрдісінде мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы диалогке түсу арқылы қарым-қатынас орнатады, ал

диалог сабақта маңызды рөл атқарады. Диалог негізі – тиімді сұрақ құрастыру. Мұғалім немесе оқушылардың бір-біріне тиімді сұрақ қоюы, топтық немесе жұптық талдау кезінде диалог құруы арқылы коллаборативті орта қалыптасады. Коллаборативті орта қалыптастыра отырып, диалог құруға тиімді әдістердің бірі – «Сағат дос» әдісі. Оқушылар дәптеріне сағаттың суретін салады. Негізгі қажетті уақыт: 12:00, 15:00, 18:00, 21:00. Кездесетін оқушыларын таңдап, бір-бірімен қажетті уақыттың бірінде кездесуге келіседі, кездесетін адамын сол уақыт тұсына жазып қояды, яғни, жұп таңдауға өздеріне ерік беріледі. Бір уақытта бір оқушымен ғана кездесе алады, келесі уақытта ол оқушымен қайтадан кездесуге болмайды. Мұғалім әр уақытқа тақырыпқа

немесе талқыланатын мәселеге қатысты сұрақтар дайындап қояды да, кез келген уақытты тақтадан көрсетеді. Сол уақытта кездесуге келіскен балалар жұптасып, сұрақты талқылайды. Яғни, бұл әдіс оқушылардың өздері таңдаған жұппен, өзіне қолайлы ортада еркін диалог құруға мүмкіндік береді. Осы сияқты «Әдеби шеңбер», «Талқы себепшісі», «Тыңдалым триадасы», «Ібілістің адвокаты», тағы басқа әдістер топ ішінде талқылау жүргізіп, бірлескен сұхбат құруға тиімді әдістер болып табылады. Бұл әдістер топтық жұмысқа негізделгендіктен, әр оқушы өзінің рөлін таңдау арқылы сыныптастарымен, сырттай бақылаушы мұғаліммен диалог құрады, жағымды ортада пікірін білдіруде, жауапкершілікті сезінуде, сенімділігін арттыруда маңызды.

Сабақта коллаборативті орта қалыптастыру:

- оқушыға қолайлы жұмыс аумағын қалыптастыруға;
- өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға;
- сыныптағы өзінің рөлін сезінуге;
- өзгелер үшін өзінің пікірі қаншалықты маңызды екенін түсінуге;
- бірлесіп шешім қабылдауға;
- жауапкершілікті сезінуге;
- топ жұмысының нәтижелі болуына;
- оқу мақсатына қол жеткізуде бірлескен жұмыстың маңыздылығын түсінуге;
- өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беруді.

Рысты ЖАЛЕЛОВА,
Атырау қаласындағы ХББ НЗМ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

ВЛАСТЬ

Десять IT-классов,
не считая питания

Филиал партии «Нұр Отан» по Атырауской области намерен взять на контроль образовательный процесс школьников, открыв в регионе десять бесплатных IT-классов. Кроме того, объектом особого внимания атырауских партийцев станет качество школьного питания.

Об этом стало известно на презентации инициативных проектов, разработанных по поручению Главы государства в рамках модернизации партии «Нұр Отан». Партийные проекты направлены на развитие информационных технологий, повышение цифровой грамотности населения, поддержку малого и среднего бизнеса, сферы образования, а также реализацию программы «Рухани жаңғыру».

По словам первого заместителя председателя филиала партии «Нұр Отан» по Атырауской области Нурлыбека Ожаева, в течение ближайших трех лет «Нұр Отан» совместно с государственными и местными исполнительными органами, а также представителями НПО и бизнес-структур планирует открыть порядка 1000 бесплатных IT-классов по всей стране для углубленного изучения основ программирования и робототехники. Это позволит ежегодно обучать 150 тысяч детей от 8 до 16 лет. В Атырауской области определены десять школ, в которых будут открыты такие классы.

В этих школах учащиеся



получат навыки построения простых алгоритмов, создания программ и веб-сайтов по европейским образовательным стандартам. В перспективе появятся и технопарки. При Атырауском государственном университете им. Х.Досмухамедова уже открыт IT-центр, где обучают специалистов для общеобразовательных школ.

Одним из главных направлений нового партийного проекта станет модернизация школьных столовых с введением стандарта здорового питания. В планах партии «Нұр Отан» – общественный контроль над качеством питания в учебных заведениях.

Кроме того, укрепить самочувствие школьников помогут «Уроки здоровья для учеников младших классов». Для этого создадут интерактивный веб-ресурс для школьников и родителей на трех языках. Перед уроками дети будут заниматься «пятиминутками» интерактивной гимнастики, изучением на-

выков здорового питания и оказания первой помощи. В рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» модернизация коснется и библиотечной системы. Новый партийный проект призван трансформировать привычные книгохранилища в современные центры распространения знаний с переводом книжного фонда в электронный формат.

Отметив важность предложенных инициатив, аким Атырауской области Нурлан Ногаев, в частности, заявил: «Мы должны научить нашу молодежь использовать полученные знания в области информационных технологий. Молодые люди должны сами предлагать инновационные идеи. Среди наших детей есть будущие гении в области высоких технологий, нужно раскрыть их потенциал».

Адам ГУРЬЕВ
Фото автора
Атырау

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Заман талабын
ұғындыра білген курс

«Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде...»

Бұл Елбасының биылғы Жолдауынан алынған жолдар. Иә, жүйрік уақыт замана көшін алға екетіп барады. Көшке ілесу – уақыт талабы, көштен қалмау – жаһандануға жұтылып кетпеуіміздің қарекеті. Қарекетті жасаушы басты тұлғалар – мұғалімдер. Ал біздің дәуір қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің алдына қандай міндеттер қойып отыр? Осы сауал барлық ұстазды толғандырады деп ойлаймын. Оның жауабын біз, ақжайықтық ұстаздар, «Өрлеу» БАҒО» АҚФ Батыс Қазақстан облысы бойынша ПҚ БАИ ұйымдастырған «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсына» толық ала алдық. Курс тренері Рысқаным Бахтиярованың шебер ұйымдастырылған сессиялары жаңартылған білім беру мазмұнын жан-жақты зерделеуімізге, көзқарасымыздың өзгеруіне шын мәнінде мүмкіндік берді.

Қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін адамдардың барлық

тілдік дағдылары, яғни, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары, жақсы қалыптасқан болуы керек. Оқушылар күн сайын БАҚ және түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпаратпен танысатындықтан, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым мүмкіндіктері балаларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды. Бұл ретте мазмұнға негізделген бағдарлама бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруды, спиральді қағидат негізінде тапсырмалар құрастыруды, қалыптастырушы бағалауды жүргізуді меңгердік.

Ықшам сабақтар өткізу арқылы жаңаша әдіс-тәсілдермен танысып, сабақтағы сұрақтардың рөлін, саралау жұмысының түрлерін біле алдық. Оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін белсенді оқуды жүзеге асырудың, тиімді оқытуды табысты оқытуға айналдырудың мән-маңызын талқыладық. Ал сабақтың өн бойында жүретін қалыптастырушы бағалау әдістері, сабақ соңындағы тиімді кері байланыс оқушыны да, мұғалімді де табысқа жетелейтініне көз жеткіздік.

Заман талабын ұғындыра білген осы жылжымалы курсты ұйымдастырушы «Өрлеу» БАҒО» АҚФ Батыс Қазақстан облысы бойынша ПҚ БАИ-ға алғыс айтамыз. Алда мұғалімге жүктелген міндеттердің үдесінен шыға алатынымызға бек сенімдімін.

Әсел ЕРМЕНТАЕВА,
Абай атындағы МГ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі
Ақжайық ауданы
Батыс Қазақстан облысы

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Отбасылық кітап оқу жарысы

«Артық ғылым кітапта, ерінбе оқыш көруге» деп Абай ағамыз айтып кеткендей оқу ошағымызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын оқудан жарыс өтті.

Доданың мақсаты – отбасылық оқуды жандандыру және отбасындағы психологиялық жағдайдың негізі ретінде тәжірибе жүзінде іске асыру.

Қатысушылар осы кітап бойынша құрастырылған тест тапсырмаларын орындады. 50 сұрақты қамтитын сауалдар ата-ана мен оқушының жинаған ұпайлары қосылып есептеледі.

Сайысқа мектеп ата-аналары мен оқушылар белсене қатысты. Бас жүл-



деге тігілген басты сыйлық велосипедті ұтып алу үшін 15 оқушы мен 15 ата-ана бақ сынады. Тартысты өткен бәсекеде лицейіміздің 9 «а» сынып оқушысы Аңсат Кебекбаев пен анасы Айзат Сағынбекова қарсыластарынан озып, Бас жүлдеге ие болды.

Осындай шаралар лицейімізде жыл сайын өт-

кізіліп тұрады. Себебі, кітап оқу адамның рухани жан дүниесін дамытатын мол мұра екені сөзсіз.

**Сахаба ЖОЛДЫБЕК,
Облыстық көпсалалы
дарынды балаларға
арналған көптілді
лицейінің қазақ тілі
пәні мұғалімі
Екібастұз қаласы**

Білімді оқушылардың додасы

«Қазақстан-Павлодар» телеарнасының студиясында Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ұмытылмас ұлы күн» телевизиялық зияткерлік сайысы өтті.

Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Шаңырақ» ОХШ және МСҚ орталығы «Жа-

сын» телевизиялық мегажобасын ұйымдастырды. Ол «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Туған жер» бағдарламалары аясында өтті. Мақсаты – жасөспірімдердің танымын кеңейтіп, отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлт тарихы мен әдебиетін, салт-дәстүрі мен өнері тәрізді құндылықтарды бойына сіңіру болып табылады. Сайыс 9-10 сынып оқушылары арасында өтті.

«Жасын» танымдық-зияткерлік телеолимпиадасында

Баянауыл, Ертіс, Железин аудандарының командалары жарысқа түсті. Додада балалар «Танысу», «Өрлеу», «Самғау», «Керкем сөздің құдіреті», «Ойлан тап», «Ұлы бала әуені», «Мақал – сөздің мәйегі», «Капитандар сайысы» атты 8 кезең бойынша бақ сынады. Шарада ұлттық салт-дәстүр, өнер мен әдебиет және тарих жайлы сауалдар қойылып, осы тақырыптағы түрлі тапсырмалар берілді.

Ойын қорытындысы бойынша мектебіміздің «Болашақ» командасы жеңіске жетіп, маусым айында өтетін сайысқа жолдама алды. Білімге құштар, оқуда озат әр ауданның үміт артқан жастары бағдарламаның арнайы медальдары мен дипломдарға ие болды.

**Торғынай ЗЕЙМУЛЛАЕВА,
Железин №3 ОМ
қазақ тілі мен
әдебиет пәні мұғалімі**



ТАҒЫМ

Ел есінде қалған батыр



Егемен ел болып, бейбіт заман кешіп отырған халықтың бүгінгі күйіне бірден-бір себеп, ол – жеңіс, ал дәлелі – Ұлы Жеңіске 73 жылдың толуы.

Абырой мен даңқ мерекесіне айналған Ұлы Жеңіс күні – елдік пен ерліктің белгісі, ананың жасымен, бабаның қанымен келген, ұлттық санада сағымы өшпейтін, тарих бетінде таспен қашалған мәңгілік із, қасиетті де қастерлі ұғым. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ауданымыздың еріктілерінен құралған делегация жерлесіміз Сүндетқали Есқалиевтың есімін, ерлігін жас ұрпаққа ұлықтау мақсатында жерленген жері – Беларусь Республикасы, Могилев облысы, Быхов ауданының Лудчицы ауылына 3 күндік экспедициялық сапарға шығып қайтты.

Делегацияның құрамында Шыңғырлау аудандық балалармен мектептен тыс жұмыс орталығының директоры Қуаныш Есенов, Сегізсай негізгі мектебінің директоры Сағындық Қалиниязов және басқалары болды. Сапар барысында ауданымыздың азаматтары батыр бабамыздың зиратына туған жерінің топырағы мен

жұпар иісті жусанын алып барып, рухына құран бағыштады. Ал экспедициялық топтың жетекшісі Абзал Сапаров Быхов ауданының саз мектебіне қазақтың үкілі домбырасын сыйға тартса, ауданымыздың белсенді оқушылары А.Жаньяров пен Д.Мақсотов Быхов ауданы сахнасында қазақ өндерін орындап, Беларусь халқының риясыз ілтипатына бөленді.

Быхов ауданында орналасқан мемориалдық тақтайшаның дәл ортасында батырымыз Сүндетқали Есқалиевтың бейнесі орналасқандығы – Беларусь елінің батыр ағамызды құрметтейтіндігінің белгісі болса керек. Ал 1966 жылы ол оқыған мектепке ердің есімі беріліп, мүсіні қойылды. Минск, Быхов және Орал қалаларының бір-бір көшесі жерлес батырымыздың есімімен аталады.

«Есімі ел есінде сақталған ер бақытты» деген нақыл сөзі жерлесіміз Сүндетқали Есқалиевтың рухына арнап айтылғандай. Ол 1924 жылы Шыңғырлау ауданының Алмаз ауылдық округіне қарасты Аққұдық (Константиновка) елді мекенінде дүниеге келіп, 1942 жылғы шілде айында әскер қатарына алынған. 1944 жылы 556-атқыштар полкінің құрамында Могилев облысы Быхов ауданы Лудчицы деревнясын азат етуде өшпес ерлік-

тің куәсі болды. Қан майданда жігіт болып жігерін жасытпай, қайратына мінген қатардағы сарбаз Сүндетқали шабуылға мүмкіндік бермеген, оқ жаулатқан жауға қарсы өз орнынан тұрып, амбразураны өз кеудесімен жаба құлайды. Тәуекелсіз жеңіс жоқтығын ұққан бабамыз жанқиярлық ерлігімен өз жолдастарына осылайша жол ашқан еді. 1945 жылы 24 наурызда 20 жасында қыршын кеткен жерлес батырымызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Нағыз жауынгерді тәрбиелеуде дәстүрдің алатын орны зор. Сондықтан, «Бабаларым мықты еді ғой, мықты еді. Ұрпағы оның болу керек мықтырақ» деп Қадыр ақын жырлағандай, ұлтжанды, мықты ұрпақ тәрбиелеуде ерлікке тағзым ету қашан да басты назарда болуы шарт. Ал делегацияның іс-сапарына демеушілік қолдау көрсеткен ауданның іскер азаматтары – Жанар Жаркеева, Гүлжан Измайлова және Василий Пузаковқа еріктілер құрамы алғыстарын айтады.

**Саида ҒАПАРОВА,
Шыңғырлау аудандық
Білім беру бөлімінің
әдіскері,
«Рухани жаңғыру»
офісінің менеджері
Батыс Қазақстан облысы**

АКЦИЯ

Гүлдене бер, туған жерім, алтын ұям!

Мектебімізде «Туған жерге, алтын ұям мектебіме тағзым» тақырыбында ауқымды шара өтті.

Оның мақсаты – өске-лең ұрпаққа өз еліне, туған жеріне, білім алған мектептеріне, білім берген ұстаздарына құрмет көрсетуге шақыру, оқушыларға өз оқу ошақтарын бітірген танымал тұлғалардың табысты өмір жолын үлгі етуге бағыттап отыру. Әрине, адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өмірдегі ең ұмытылмас сәттері мектепте өткізген уақыты болып мәңгі жадында қалатыны анық. «Мектеп – кеме, білім – теңіз» десек, сол білім теңізінде шұғылалы сәулелер шашып, нұр құятын – мектеп екенінің тағы бір куәсі болды.

Жиынға республикамыздың әр саласында қызмет атқарып жүрген Сарысу мектебінің тұлғалары, жеке кәсіпкерлер және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын-жазушы Б.Нұр-

маханұлы және аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.Бетаева қатысты. Кешке шақырылған қонақтар мен мектеп тұлғаларын оқушылар мен ұстаздар қауымынан құралған оркестрдің орындауындағы әсем күйлерімен қарсы алды. «Мен сізді мақтан етемін» тақырыбында акцияның ашылу салтанатында шәкірттеріміз үш тілде сәлемдесуі мен арнау өлеңдерін айтып, «Мектеп тынысы» тақырыбында слайд шоу көрсетілді. Тұлғалар «Рухани жаңғыру» орталығынан бастап, балаларымыздың өз қолдарымен жасаған ұлттық әшекейлер мен бұйымдары, суреттері және ұстаздар қауымының шығармашылық жұмыстары, мектебіміздің жетістіктері қойылған «Мектеп айнасы» көрмесін тамашалай отырып, өздері оқыған сынып кабинеттеріне саяхат жасады.

Акция «Туған жерді түлету – перзенттік парыз» атты балалардың ұйымдастырған концерттік бағдарламасымен

жалғасын тапты. «Тарихи тамыры терең, Сарысуым» мектеп тарихынан түсірілген бейне көріністерді тамашалай отырып, қонақтарымыз бен тұлғаларымыз мектеп ауласына жеміс талдарын отырғызу рәсімін жасады. Бағдарламаның «Гүлдене бер, Сарысу мектебім» бөлімінде қонақтар мен тұлғалар мектеп ұжымына арнап алғыс айта отырып, өздерінің білім ошағына деген сый құрметтерін көрсетіп демеушілік жасады. Атап айтар болсақ, түрлі-түсті принтер, балаларға арналған ұлттық киімнің 10 данасы, алты терезеге арналған жалюзи, спорттық киімдерді сыйға тартты. Алдағы оқу жылында қазақ тілі мен математика кабинеттерін жаңа үлгіге сай жабдықтап беруге уәде етті. Ал, өзге тұлғалар қаржылай демеушілік жасады, кеш соңы мерекелік дастарханға ұласты.

**Лайла ШУКЕЕВА,
Сарысу ОМ
директоры
Жамбыл облысы**



ВУЗЫ

КГИУ: абитуриенты, студенты, выпускники

В Карагандинском государственном индустриальном университете (КГИУ) прошел ряд мероприятий, посвященных абитуриентам и выпускникам вуза.

В частности, для выпускников темиртауских школ университет организовал День открытых дверей «Абитуриент-2018», а старшекурсники вуза побывали на «Ярмарке выпускников», где встретились с потенциальными работодателями.

Любой выпускник школы желает, чтобы в избранном им вузе он мог получить знания и диплом, признаваемые во всех странах мира, – рассказывает корреспонденту «Білімді ел – Образованная страна» пресс-секретарь КГИУ Светлана Егорова. – Сегодня такое образование предлагает Карагандинский государственный индустриальный университет – ведущий технический вуз Казахстана. За 55 лет своей деятельности он выпустил свыше 23 тысяч высококвалифицированных специалистов.

В фойе нового корпуса КГИУ будущие абитуриенты ознакомились с деятельностью всех кафедр вуза, а в актовом зале гостей ждал концерт. Внимание зрителей был предложен и фильм об университете. Затем их ждала небольшая викторина на знание истории становления вуза. Здесь присутствовали и те, кто уже твердо решил поступать именно в КГИУ.

Под занавес встречи в адрес гостей прозвучали напутствен-



ные слова и пожелания успешной сдачи ЕНТ.

Кстати, о лучших студентах КГИУ. Информация о двух учащих индустриального вуза включена в первый номер студенческой книжной коллекции «Жас қыран», запущенный в рамках республиканского проекта «Лучший студент». В список «Жас қыран» вошли два будущих экономиста – Татьяна Силаева и Айтадж Зиядова (на снимке), отличницы и активные общественные деятели КГИУ, без которых не обходится ни одно мероприятие в вузе. На церемонии чествования в Астане им вручена книжная коллекция с их именами, нагрудный значок «Лучший студент 2018 года» и специальное свидетельство.

На традиционной «Ярмарке выпускников», ежегодно проводимой в стенах Карагандинского государственного индустриального университета, выпускники встретились с представителями более двадцати предприятий и организаций ре-

гиона. В их числе – «Арселор-МитталТемиртау», Текелийский горно-перерабатывающий комбинат, Темиртауский электрометаллургический комбинат, ТОО «Авангард-Строй», крупнейшие банки РК, городской центр занятости, налоговое управление и другие.

Изучая резюме выпускников, потенциальные работодатели оценивали их деловые качества, проводили сравнительный анализ кандидатов и предлагали свои условия работы. В свою очередь, студенты знакомились с имеющимися вакансиями и задавали вопросы, касающиеся перечня обязанностей, размера зарплаты, а также перспектив карьерного роста. Согласно итогам ярмарки «Выпускник-2018», 5 человек получили приглашение на собеседование, а 27 выпускников – конкретные предложения по трудоустройству.

Адам ГУРЬЕВ

Фото Светланы ЕГОРОВОЙ
Темиртау

БЕЛСЕНДІЛІК

Институттың жарқын белестері

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты бізді бүгінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының 70 жылдық мерейтойын атап өтуге алып жетті.



Сания МОЛДАШОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ Әкімшілік-ұйымдастырушылық мәселелер жөніндегі басқармасының жетекші маманы Қостанай облысы

Тура 70 жыл толады! Институтты құрудың бастауында тұрған барша қызметтестерге шын жүректен алғысымызды білдіріміз келеді.

«Институтты» құрудың бастауында болған азаматтар нағыз құрметке лайық жандар. Олар біліктілікті арттыру институтының бұрынғы директорлары Иван Гриненко, Иван Савченко, Борис Мелёхин, Камалбек Закиров, Пётр Рузанов, Василий Колесник, Геннадий Золотухин, Юрий Мануйлов, Татьяна Климчук, Асқар Жаркенов, Айбек Шалғымбеков, Темірғали Ермағамбетов және басқа да көптеген әріптестердің сіңірген еңбектерін айтпай кетуге болмайды.

Орталығымыздың тарихына көз жүгіртсек, ең алдымен, күнделікті еңбегімен үлес қосқан тұлғалар еске түседі. Себебі, осы шағын еңбектер арқылы институт дамыды, білім беру жүйесі бекіді. Кәсіби шеберлігі мен адамгершілік жоғары қасиет-

тері, білім мен ғылым саласындағы ұшан-теңіз білімінің әлеуеті оларды тұлға ретінде құрметтеуге әбден лайық.

Тәуелсіздіктің әр жылының жарқын белестері Қостанай өмірінің қай саласына талдау жасасаңыз да алдыңыздан шығады.

Солардың бірлері институтымыздың жарқын белестері: педагогикалық еңбек ардагері – Раушан Байсарина, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне өз үлесін қосқан – Карл Отыншин, біз үшін адамгершіліктің, адалдықтың, іскерліктің эталоны, рухани ағамыз – Беген Көпеш, ал қазіргі таңда институтымызда қызметін атқарып жатқандар: педагогикалық тәжірибесі мол – Светлана Мачнева, іс-шаралар ұйымына араласып келгенде бұл іс жандана түсетін, бүкіл ағзасы «қазақ» деп соғатын, ол кісінің жастарды қорғауы, жас десе жанын берер азаматша – Күлсін Тұяқова. Осылардың арқасында көп қызмет атқарылды, бірақ алда бұдан да көп жұмыс тұр.

Орталықтың сапалық құрамы ғалым, оқытушылардан ғана тұрмайды. Мұнда тәжірибесі мол, өз саласын терең меңгерген ондаған нағыз шебер мамандар қызмет етеді.

Мекемеміздің құрылғанына 70 жыл толуына, көп жылдар бойы өз еңбектерін арнаған жоғарыда атап кеткен директор тұлғалардың портреттері мекеме ішінде ілінетін болады. Жыл сайын өз ісінің озаты атанған әр оқытушының, педагогтер мен мұғалімнің, қызметкердің есімдері біліктілікті арттыру институтында «Құрмет кітабы» бастау алып, тәжірибелері дәріптелсе, біліктілікті арттыру институтына еңбегі сіңген атақты тұлғалардың атына кабинеттер аталса екен деймін.

«Құрмет кітабына» енетін білім саласының «Жарқын белестері» болса, біз олардың еңбегін одан әрі ұштап, ізін қуар «Жарқын болашағы» болар едік.

ЖАС ӨРКЕН

Студенттер шеберлік танытты

Тараз қаласында ҚР Қарулы Күштерінің 26 және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 73 жылдығына байланысты аймақтағы жалпы білім беретін мектеп және колледж шәкірттері арасында «Сапта жүріп ән айту» ХХІ-ші облыстық саптық және дене дайындығы байқауы өтті.

Шара Жамбыл облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті және Жамбыл облысы әкімдігі Білім басқармасының ұйымдастыруымен болды. Байқау жастар санасында Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, жоғары патриоттық сезімін қалыптастырмақ, Отан



алдындағы азаматтық және конституциялық борышын абыроймен орындап, әрқашан оның мүддесін қорғауға даяр болуға тәрбиелейді.

Аталған шараға Құлан ауылшаруашылығы колледжі студент-

тері де қатысып, өздерінің жоғары деңгейдегі әскери дайындығын көрсетті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәр-

биелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Колледж студенттерінің әскери дайындығын қалыптастыру колледждің Алғашқы әскери дайындық

пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Мәди Исақұловтың мойнында. Шебер ұстаздың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде, колледж студенттері пневматикалық винтовкадан оқ ату, дене дайындығы, взвод саптық пәрмендерді көрсету, салтанатты шерумен жүріп өту, мемлекеттік және орыс тілдерінде әнмен сапта жүріп өту секілді сайыстарда аса шеберлік көрсетіп, жүлделі 2-ші орынды иеленді. Жарыста мерейі үстем болған колледж командасы дипломдармен марапатталып, бағалы сыйлыққа қол жеткізді.

Гүлназ ИСАБАЕВА,
Құлан ауылшаруашылығы колледжінің кітапхана меңгерушісі
Т.Рысқұлов ауданы
Жамбыл облысы

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ: ЖАЙСАНСКИЙ МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ

Путь к самореализации личности

Важную роль в решении вопросов образования студентов с особыми образовательными потребностями признана сыграть система ТИПО, которая способна создать условия для личностного развития студента, формирования социальных ценностей, обеспечивающих успешную адаптацию в личностной, профессиональной и общественно значимой деятельности.

Во многих ТИПО инклюзивное образование делает только первые шаги, наш же Жайсанский многопрофильный колледж обучает таких детей уже более 16 лет. Мы готовили кадры для Мартукского района, являясь единственным профессиональным учебным заведением на его территории.

Жайсанский многопрофильный колледж – учебное заведение смешанного типа. В нем обучаются студенты по программам ТИПО и ор-

ганизованы специальные учебные группы для детей с ограниченными возможностями. Для них сформированы малоконтактные группы по специальности «Швейное производство и моделирование одежды» с квалификацией «швея» и группы по специальности «Строительство и эксплуатация зданий и сооружений» с квалификацией «каменщик», «плотник», «маляр», «штукатур» со сроком обучения 1 год 10 месяцев без получения среднего образования. Дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, находятся на полном государственном обеспечении. Для качественного обучения в колледже оборудованы учебные кабинеты, 3 швейные мастерские, 1 мастерская для строителей.

Важная задача колледжа – трудоустройство и социальная адаптация детей с ограниченными возможностями. Анализ жизнеустройства, трудовой деятельности выпускников на протяжении многих лет нашего учреждения и подобных показывает, что большинство выпускников не могут самостоятельно разрешить возникающие проблемы. Поэтому в колледже создана служба сопро-

вождения постинтернатной адаптации выпускников, в которую входят социальный педагог, педагог-психолог, мастера производственного обучения, кураторы. Кроме того, при колледже действует Комитет по делам молодежи, разработана программа по организации сопровождения выпускников колледжа «Ты не один».

В течение учебного года проводится целенаправленная работа с выпускниками: это участие в областной выставке «Образование. Работа. Карьера», в конкурсе бизнес-идей «Атамекен стартап», встречи с представителями Палаты предпринимателей Актюбинской области, специалистами Центра занятости, работодателями и предпринимателями.

У всех детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, имеются сбережения в АО «Жилстройсбербанк». За последние три года выпускникам помогли приобрести квартиры в Актобе, в Алге и Жем Мугалжарского района.

Венера ЕСМУХАМБЕТОВА,
заместитель директора
по учебной работе,
преподаватель истории

Обеспечить равные возможности

Специальное образование является частью системы общего образования, и государство создает условия для лиц, имеющих специальные образовательные потребности, с целью обеспечения им равных возможностей в получении образования.

Также в «Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы» предусмотрены меры по сохранению специального и развитию системы инклюзивного образования. Этот аспект частоходит непонимание среди педагогических кадров, особенно педагогов специальных организаций образования. Многие из них понимают так, что если инклюзивная система образования будет внедрена, то это автоматически повлечет за собой закрытие сети специальных школ. В то же время многие из педагогов-дефектологов отмечают, что довольно большое количество детей с ограниченными возможностями уже сидят в «обычных» школах, не получая при этом соответствующей учебной и коррекционной поддержки.

В нашей стране функционирует 39 специальных детских садов и 315 специальных групп, в которых получают воспитание и образование более 15 тысяч детей дошкольного возраста, 106 специальных школ и 1219 специальных классов при общеобразовательных школах, где обучаются

около 30 тысяч детей школьников.

